

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының
№32 ХАТТАМАСЫ**

2025 жылғы 19 желтоқсан

Алматы қ.

Өткізу форматы: аралас.

«БЖЗҚ» АҚ Орталық аппараты – офлайн /

Cisco Webex Meetings платформасы – онлайн

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері
(бұдан әрі – Кеңес, ҚК)

1. Сейпульник Евгений – ҚК төрағасы;
2. Алехова Александра;
3. Алтынбекова Гүлсара;
4. Бахмутова Елена;
5. Джарлыгапова Дана;
6. Жолдасбеков Азамат;
7. Донских Алевтина;
8. Құсайынов Айдархан;
9. Нұрабаев Жомарт;
10. Тәжібекова Жұмагүл.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) өкілдері
(дауыс беру құқығынсыз):

1. Құрманов Жанат – «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы;
2. Егеубаева Сәуле – «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
3. Тусеева Алия – «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті директорының орынбасары;
4. Ақмаева Марина – «БЖЗҚ» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры, ҚК хатшысы.

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ

1. ҚК құрамына кіруге үміткердің өтінішін қарау;
2. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемдеріне салық салудағы өзгерістер;
3. Жаңа Салық кодексі шеңберінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың міндетті зейнетақы жарналары;
4. Әр түрлі (оның ішінде зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі сарапшылар ұсыныстарының қаралу мәртебесі туралы ақпарат).

ҚАРАЛДЫ

Күн тәртібінің 1-тармағын талқылау барысында ҚК мүшелігіне үміткер – отырысқа қатысып отырған Бақыт Маженованың өтініші қаралды. Үміткердің ҚР Ұлттық Банкінде, ҚДКҚ-да, түрлі қаржы ұйымдарында мол еңбек өтілі бар екені, ірі қаржы институттарында тәуелсіз директор болып қызмет атқарғаны және Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін терең білетіні атап өтілді.

Ұсыныс енгізілді: Б. Маженованы Қоғамдық кеңес құрамына қабылдау.

Дауыс беру нәтижелері:

«қолдады» – 10;

«қарсы» – 0;

«қалыс қалды» – 0.

Талқылау қорытындысы бойынша Б. Маженованы ҚК құрамына енгізу туралы шешім бірауыздан қабылданды.

Осыдан кейінгі дауыс берулерге ҚК-нің 11 мүшесі қатысты.

Күн тәртібінің 2 және 3-тармақтары бойынша «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті директорының орынбасары А. Тусеева баяндама жасады. Ол зейнетақы жүйесі саласындағы салық салуға енгізілетін өзгерістер және салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің жаңа тәртібі туралы ақпарат ұсынды. Аталған өзгерістер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізіледі.

Баяндамашы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енетінін және ол Қазақстан Республикасының резиденттері – жеке тұлғалардың зейнетақы төлемдері мен біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі табыстарынан жеке табыс салығын (ЖТС) ұстап қалудан босатуды көздейтінін атап өтті.

Сонымен қатар, А. Тусеева резидент емес тұлғалардың БЖЗҚ-дан алынатын зейнетақы төлемдеріне төлем көзінен салық салынатынын (салықтық шегерімдер қолданылмайды) хабарлады. Бұл ретте: егер салық салынатын табыс сомасы қоса алғанда 8 500 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін болса, ЖТС мөлшерлемесі 10% құрайды; ал 8 500 АЕК-тен асатын бөлігіне 15% мөлшерлеме бойынша салық салынады. Осылайша, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемдерінен ЖТС тек Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғаларынан ғана ұсталады.

Бұдан бөлек, жаңа Салық кодексінде өтпелі ережелер қарастырылғаны айтылды. Атап айтқанда, 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) кейінге қалдырылған ЖТС бойынша салықтық міндеттемелері жойылады. Алайда бұрын ұсталып, бюджетке аударылған ЖТС сомаларын қайтару жаңа Салық кодексінде көзделмеген.

Сонымен қатар, қолданыстағы Салық кодексінде әлеуметтік осал санаттарға жататын және тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланып, ЖТС-ты біржолғы тәртіппен төлеген БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) мүдделерін қозғайтын нормалар бар екені атап өтілді. Осы санаттағы тұлғалар үшін стандартты салықтық шегерімдерді қолдану және ЖТС-ты қайтару мүмкіндігі қарастырылған. 2021–2022 жылдары біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланып, ЖТС қайтару құқығын іске асырмаған тұлғалар үшін БЖЗҚ-ға қайта есептеу және ЖТС-ты өтеу мақсатында өтініш беру мерзімі 2025 жылғы 15 шілдеден бастап 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылды (2025 жылдың соңына дейін өтініш берген жағдайда). 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап талап қою мерзімі қайтадан 3 жылды құрайды.

Баяндамашы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ерікті зейнетақы жарналарына қатысты да өзгерістер болатынын хабарлады. Жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына БЖЗҚ-ға аударған ерікті зейнетақы жарналары бойынша корпоративтік табыс салығы шеңберіндегі шегерімдер сақталады. Сонымен қатар қызметкердің өз пайдасына төлеген ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімдер алынып тасталады.

А. Тусеева сондай-ақ жаңа Салық кодексі мен ҚР Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап арнайы салық режимдерінің (АСР) үш түрі енгізілетінін атап өтті: өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР және шаруа немесе фермер қожалықтарына

арналған АСР. Бұл режимдер салықтарды ғана емес, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тәртібін де реттейді. Баяндама барысында әрбір АСР аясында зейнетақы жарналарын төлеудің ерекшеліктері түсіндірілді.

ТАЛҚЫЛАУ

Баяндаманы талқылау барысында Елена Бахмутова ҚР Ұлттық экономика министрлігінің түсіндірмелеріне сәйкес ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша бұрын қолданыста болған шегерімдер стандартты салықтық шегерімдермен алмастырылғанын атап өтті. Осылайша, стандартты шегерім барлық салық төлеушілерге қолданылады және оны пайдалану үшін жұмыс берушіге немесе салық жинау операторы арқылы берілетін салық төлеушінің жеке өтінішінен басқа қосымша растау талап етілмейді. Алайда аталған нормаларды практикалық тұрғыдан іске асыру тетігі қазіргі таңда толық айқын емес екені айтылды.

Жанат Құрманов қолданыстағы Салық кодексінде ерікті зейнетақы жарналары бойынша үш түрлі салықтық жеңілдік көзделгенін еске салды. Біріншісі – жеке тұлғаның өз қаражаты есебінен төлеген ерікті зейнетақы жарналарын шегерімдерге жатқызу. Екіншісі – жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына төлеген ерікті зейнетақы жарналары қызметкердің табысы ретінде қарастырылмайды. Үшіншісі – жұмыс беруші қызметкердің пайдасына төлеген ерікті зейнетақы жарналары жұмыс берушінің корпоративтік табыс салығы бойынша шегерімдеріне жатқызылады. Қолданыстағы редакцияда стандартты шегерім мөлшері 14 АЕК болған, ал осы шегерімнен тыс қызметкердің өз пайдасына төлеген ерікті зейнетақы жарналары да шегерімдерге жатқызылуы мүмкін еді. Жаңа Салық кодексінде стандартты шегерім базалық шегеріммен алмастырылып, оның мөлшері айына 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Нәтижесінде салыстырмалы түрде төмен жалақы алатын халықтың басым бөлігі базалық шегерім шегінде қалып, іс жүзінде жеке табыс салығын төлемейді. Алайда теріс салдардың бірі ретінде базалық шегерім мөлшерінен асатын табыстардан төленетін ерікті зейнетақы жарналары қызметкер үшін салықтық шегерімдерге жатқызылмайтыны атап өтілді. Сонымен қатар қалған екі салықтық жеңілдік жаңа Салық кодексінде сақталған.

Талқылау барысында Елена Бахмутова өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимін қолдану ерекшеліктеріне назар аударды. Оның айтуынша, бұл санат үшін белгіленген 1% мөлшеріндегі зейнетақы жарнасы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне толыққанды қатысуды шектеуі мүмкін, себебі мұндай мөлшерлеме өзге жұмыспен қамтылғандар мен жұмыс берушілер үшін қолданыстағы мөлшерлемелермен салыстырғанда жеткілікті көлемде зейнетақы жинағын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Отырысқа қатысушылар аталған тәсіл әртүрлі жұмыспен қамтылған санаттар үшін зейнетақымен қамсыздандырудың тең емес жағдайларын қалыптастыруы және ұзақ мерзімді перспективада өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігіне әкелу қаупін туындатуы мүмкін деген алаңдаушылық білдірді.

Елена Бахмутова бұл режимді әзірлеу барысында ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұстанымы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін барынша тартымды жағдай жасау болғанын атап өтті. Басымдық көлеңкелі экономикада жүрген азаматтарды заңдастыруға және микробизнесті қолдауға, оның ішінде зейнетақы және әлеуметтік жүйеге кеңінен тартуға берілген.

Жанат Құрманов жаңа арнайы салық режимі енгізілген кезде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін міндетті зейнетақы жарналары (1%) мен жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына баламалы жарналар (1%) ай сайынғы табысы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимін қолдану шегінен (айына 300 АЕК) аспайтын табыстан төленетінін атап өтті.

Талқылау барысында 1% мөлшерлеменің жеткіліксіз болуы мүмкін екені айтылды. Сонымен қатар бұл шара өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қызметін формализациялауға және оларды зейнетақы әрі әлеуметтік жүйеге тартуға бағытталған кезекті қадам ретінде бағаланды. Жаңа режим қолданысқа енгізілгеннен кейін оны қолдану тәжірибесіне мониторинг жүргізу және қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен қосымша ұсыныстар әзірлеу орынды деген пікір айтылды.

[БЖЗҚ баяндамасының толық нұсқасы](#) [enpf.kz](#) сайтындағы «Қоғамдық кеңес – Хаттамалар мен таныстырылымдар» бөлімінде (32-отырыс) орналастырылған.

Ұсыныстар түсті

- «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті директорының орынбасары А. Тусееваның зейнетақы жүйесі саласындағы салық салуға енгізілетін өзгерістер тақырыбындағы баяндамасын назарға алу;

- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін арнайы салық режимдерін қолдану тәжірибесіне мониторинг жүргізу және қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен қосымша ұсыныстар енгізу.

Дауыс беру нәтижелері:

«қолдады» – 11;

«қарсы» – 0;

«қалыс қалды» – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібінің 4-тармағын талқылау барысында Жанат Құрманов қазақстандық сарапшылардың, оның ішінде Елена Бахмутова, Григорий Марченко, Ораз Жандосов, Болат Жамишев, Қадыржан Дамитов, Анвар Сайденовтің Мемлекет басшысына жолдаған ұсыныстарын еске салды. Аталған ұсыныстар төрт негізгі блокқа топтастырылған:

1. зейнетақының мемлекеттік құрамдас бөлігін жетілдіру;
2. шартты-жинақтаушы құрамдасты қайта қарау;
3. халықты, әсіресе өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен бейресми секторды зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту;
4. зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыру.

Аталған ұсыныстар бұған дейін 2024 жылғы 14 маусымда өткен ҚК отырысында (№27 хаттама) ұсынылған және ҚК мүшелері оларды көпшілік дауыспен қолдап, [enpf.kz](#) сайтында орналастыру туралы шешім қабылдаған.

2 және 3-тармақтар бойынша өткен талқылауларды ескере отырып, Жанат Құрманов өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін мынадай тәсілді қарастыру ұсынылғанын атап өтті: егер өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар 12 ай бойы ең төменгі жалақының кемінде 10%-ы мөлшерінде зейнетақы жарналарын төлесе, мемлекет тарапынан 5% көлемінде қосымша тең қаржыландыру тетігін енгізу орынды. Бұл шара халықтың осы санатының осалдығын ескере отырып, оларды зейнетақы жүйесіне қатысуға және көлеңкеден шығуға ынталандыруы мүмкін. Халықаралық тәжірибе мұндай қолдаудың тиімділігін көрсетеді.

Сондай-ақ Жанат Құрманов зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігін арттыру бағытында шаралар қабылданып жатқанын хабарлады. ҚР Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі инвестициялық тәсілдерді қайта қарап, инвестициялық құралдар тізбесін кеңейтуде. Мемлекеттік және шартты-жинақтаушы құрамдастарды жетілдіру, сондай-ақ халықты зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейтуге қатысты ұсыныстар мемлекеттік органдар деңгейінде талқылану сатысында.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мәселесін талқылау барысында ҚК мүшелері қолданыстағы тәсілдің болашақ зейнетақы төлемдеріне теріс әсер етуі мүмкін екенін, себебі ол жинақтаушы зейнетақы жүйесінің логикасын бұзатынын атап өтті.

Жанат Құрманов зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану тетігі сақталатынын, алайда қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде теріс пайдалану деңгейі төмендеп келе жатқанын айтты. Сонымен қатар ол жаппай алып қою болашақта зейнетақы табысының жеткіліксіздігіне байланысты кейінге қалдырылған тәуекелдерге және әлеуметтік наразылыққа әкелуі мүмкін екенін мойындады. Жалпы зейнетақы жинақтарының көлемі 25 трлн теңгеден асқан, ал шамамен 5 трлн теңге алып қойылған. Инвестициялық кірісті ескергенде зейнетақы жинақтарының көлемі 30 трлн теңгеден асуы мүмкін еді.

Отырысқа қатысушылар болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшері тікелей жинақ көлеміне байланысты екенін атап өтті. Төменгі жеткіліктілік шегін (ТЖШ) есептеу кезінде болжамды жарналар өткен кезеңдердегі нақты төлемдер статистикасына негізделуі тиіс. Алайда қолданыстағы есептеулерде болашақта төленбеуі мүмкін жарналар да ескерілетіні айтылды. Заңнамалық өзгерістерге байланысты халықтың бір бөлігі үшін жарналар мөлшері 10%-дың орнына 1% болатыны да формулаларды қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

Елена Бахмутованың пікірінше, лайықты зейнетақыны қамтамасыз етудің негізгі өлшемі – нақты жинақ көлемі. Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жас кезінде (30 жасқа дейін) пайдалану, әсіресе, азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәртебесіне өту ықтималдығын ескере отырып, жоғары тәуекелдерге ие. Сонымен қатар ол зейнетақы активтерін басқаруды толығымен жеке инвестициялық басқарушы компанияларға беру орынды деген ұстанымын білдірді. Мұндай компаниялар салымшылар үшін бәсекеге түсіп, басқарудағы активтердің табыстылығын арттыруға ұмтылады.

Жанат Құрманов сарапшылар тарапынан зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алмас бұрын азаматтар өмір бойғы зейнетақысын қамтамасыз етіп, оның ішінде зейнетақы аннуитетін рәсімдеу арқылы қамтамасыз ету қажеттігі туралы тәсілдер ұсынылғанын айтты.

ҚК мүшелері халықтың бір бөлігінің БЗТ пайдалану туралы шешімдерінің салдары мен тәуекелдерін толық түсіне бермейтінін, осыған байланысты мүмкін болатын жағымсыз сценарийлер туралы шынайы түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ инвестициялық басқарушы компаниялар (ИПБ) тарапынан тәуекел деңгейі, күтілетін табыстылық және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленетін үш түрлі инвестициялық портфель ұсыну мүмкіндігіне қатысты жаңашылдықтар талқыланды. ИПБ-лар, ықтимал түрде, орташа немесе консервативті портфельдерді таңдауы мүмкін деген болжам айтылып, осыған байланысты нарық құрылымында айтарлықтай өзгерістер күтілмейтіні атап өтілді. Жанат Құрманов БЖЗҚ салымшылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру мақсатында барлық басқарушылардың нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік беретін арнайы портал іске қосуды жоспарлап отырғанын хабарлады. Онда әртүрлі стратегиялар мен әр кезеңдегі табыстылық көрсеткіштері ұсынылады, портал тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Талқылау барысында Елена Бахмутова ҚР Ұлттық Банкі мен ИПБ қызметін реттеу ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарға назар аударды. Оның айтуынша, ИПБ-лар зейнетақы активтерінің табыстылығы үшін өз капиталымен жауап беруі (ҚР Әлеуметтік кодексінде бекітілген норма) оларды неғұрлым тәуекелді, бірақ табыстылығы жоғары құралдарды пайдаланудан тежеуі мүмкін.

Сондай-ақ ҚК мүшелері БЖЗҚ-ның әртүрлі мақсатты топтар үшін жүргізіп отырған түсіндіру жұмыстары бойынша презентация дайындау қажеттігін атап өтті.

Отырысты қорытындылай келе, зейнетақы жинақтарын баламалы пайдалану статистикасын және оның жалпы зейнетақы активтерінің көлеміне (алынбай қалған

инвестициялық кірісті қоса алғанда), сондай-ақ салымшылардың жинақтарына әсерін жан-жақты талдау ұсынылды.

Төмендегі ұсыныстар түсті:

- БЖЗҚ жүргізіп отырған түсіндіру жұмыстары бойынша презентация дайындау;
- Зейнетақы жинақтарын баламалы пайдалану жөніндегі статистикалық деректерді ұсынып, оның жалпы зейнетақы активтерінің көлеміне, оның ішінде алынбай қалған инвестициялық кіріс көлеміне, сондай-ақ салымшылардың жинақтарына әсерін талдау;
- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бойынша, оның ішінде ең төменгі зейнетақы жинақтары бар салымшылар саны жөнінде статистикалық деректер ұсыну.

Дауыс беру нәтижелері:

«қолдады» – 11;

«қарсы» – 0;

«қалыс қалды» – 0.

Шешім қабылданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Күн тәртібінің 1-тармағы бойынша:

- Бақыт Маженованы Қоғамдық кеңес құрамына қабылдау.

Күн тәртібінің 2 және 3-тармақтары бойынша:

- «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті директорының орынбасары А. Тусееваның зейнетақы жүйесі саласындағы салық салуға енгізілетін өзгерістер тақырыбындағы баяндамасын назарға алу.

Күн тәртібінің 4-тармағы бойынша:

- БЖЗҚ жүргізіп отырған түсіндіру жұмыстары бойынша презентация дайындау;
- Зейнетақы жинақтарын баламалы пайдалану жөніндегі статистикалық деректерді ұсынып, оның жалпы зейнетақы активтеріне, оның ішінде алынбай қалған инвестициялық кіріске, сондай-ақ салымшылардың жинақтарына әсерін талдау;
- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бойынша, оның ішінде ең төменгі зейнетақы жинақтары бар салымшылар саны жөнінде статистикалық деректер ұсыну.

«БЖЗҚ» АҚ Қоғамдық кеңесінің отырыс материалдарымен enpf.kz сайтындағы «Қоғамдық кеңес» – «Отырыстар хаттамалары мен [таныстырылымдар](#)» бөлімінде толығырақ танысуға болады.

ҚК төрағасы

Е. Сейпульник

ҚК хатшысы

М. Акмаева